

ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ: АНТОЛОГИЯ, III

Жаһандық мәдени экономикадағы
алшақтық пен ажырау





Мақсаты: Арджун Аппадураидың жаһандық мәдениетке және ұлттар мен мемлекеттер, заманауи қарым-қатынастар арасындағы шарттылықтарға деген көзқарасын қарастыру.

Тірек сөздер: жаһандық мәдениет, этнокеңістік, медиакеңістік, технокеңістік, қаржылық кеңістік, идеялар кеңістігі, мемлекет, ұлт, детерриториализация.

Бүгінгі дәрісімізде «Әдебиет теориясы» антологиясына кірген Нью-Йорк университетінің бұқаралық ақпарат құралдары, мәдениет және білім профессоры Арджун Аппадураидың жаһандық мәдениетке, сонымен қатар, онымен байланысты туындайтын қауіптер, ұлттар мен мемлекеттер арасындағы заманауи қарым-қатынастарға деген көзқарасымен танысамыз. Ғалымның 1990 жылы жарияланған «Жаһандық мәдени экономикадағы алшақтықтар мен ажырау» атты эссесінде сипатталған идеялар әлі күнге өзектілігін жойған жоқ.

Арджун Аппадураидың сөзінше, қазіргі заманғы жаһандық мәдениет «ажырау» деген ұғыммен сипатталады. Заттар аймақтық география мен этникалық сәйкестік тәрізді дәстүрлі әдістерден гөрі жаңаша тәсілдер арқылы бірігеді. Ал жеке тұлғалардың өмірі БАҚ, мәдениет пен қаржының ықпалымен дамып, қалыптасып отырады.

Бүгінгі таңдағы жаһандық өзара қарым-қатынастардың басты мәселесі – мәдениеттер арасындағы біртектілік (гомогенизация) пен мәдени әртектілік (гетерогенизация) сияқты қарама-қайшылықтар. Біртектілік немесе унификация үдерісі американизация және «коммерциализация» болып екіге жіктеледі. Алайда көбінесе бұл екі аспект бір-бірімен тығыз байланысты. Сонымен бірге, Аппадураи, ассимиляцияға қатысты басқа да негіздердің бар екендігін тілге тиек етеді. Мәселен Батыс Папуа халықтары үшін «индонезиялық» – американизацияға қарағанда қауіпті фактор болып табылады. Сол секілді, корейліктер үшін – жапонизация, Шри-Ланка үшін индоизация, камбоджалықтар үшін вьетнамизация, Армения мен Прибалтика республикалары үшін русификацияның тигізетін қаупі басым болады. Қауіптердің, альтернативті американизацияның жалпы тізімі ұзақ болуы да мүмкін. Бұл тұрғыда: мәдениеттердің аясы тар құбылыстары ірі массалы құбылыстар тарапынан жұтылу қаупі жоғары.

Бұл кең ауқымды динамика (қозғалыс) болып табылады. Оның жаһандық көріністері ұлттар мен мемлекеттер арасындағы қатынасқа тікелей байланысты. Осындай көптеген ықпалдардың (және қауіптердің) қысқаруы, унификациясы мен жұтылуы ұлттық мемлекеттер тарапынан өз құрамындағы аз топтарға қатысты қолданылып, жаһандық алшақтықтарды тудырады.

Жаңаша жаһандық мәдени экономика күрделі, әрі санқырлы сипатқа ие. Оны тіпті көпқырлы орталықтар мен периферияларды ескерген күннің өзінде толыққанды түсіндіруге келмейді. Ол, сондай-ақ, күштер мен дүмпулердің қарапайым үлгілерінің (миграция тұрғысынан) немесе артықшылықтар мен дефициттердің (сауда теңгерімінің дәстүрлі үлгілері) немесе тұтынушылар мен өндірушілердің (көп жағдайда, дамудың нео-марксистік теориясы) ықпалына да түспейді. Қазіргі таңдағы жаһандық экономиканың күрделілігі экономика, мәдениет пен саясат арасындағы түбегейлі алшақтықтармен байланысты.

Жаһанданудың бес «киті»

Аппадураи «алшақтықтардың» элементарлы құрылымын бес жаһандық мәдени ағым арасындағы өзара байланыс ретінде қарастыруды ұсынады: 1) этнокеңістік; 2) медиакеңістік; 3) технокеңістік; 4) қаржылық кеңістік; 5) идеялар кеңістігі.

Ғалым «кеңістік» терминін қатынастар арасындағы байланыс ақиқат айқындалмағанына орай қолдану керектігін ұсынады. Тарихи, лингвистикалық және саяси ситуативтіліктің түр-өзгерістері мынадай: ұлттық мемлекеттер, дәстүрлі корпорациялар, диаспоралық қауымдастықтар, сондай-ақ, субұлттық топтар мен қозғалыстар (діни, саяси немесе экономикалық), тұлғалық топтар, айталық, ауылдар, махаллалар, отбасылар.



Этнокеңістік

«Этнокеңістік» дегеніміз – Аппадураидың айтуынша, өзгеріп отыратын әлемнің құрамдас бөлігі болып табылатын адамдар тобы: туристер, иммигранттар, қашқындар, жер аударылғандар, гастарбайтерлер мен басқа да топтар. Бұл адамдар әлемнің ажырамас бөлігін құрап, халықтар арасындағы қарым-қатынастар мен жалпы елдің саясатына ықпал етіп отырады. Әрине, бұл – жер бетінде қауымдастықтар, туыстар, достастықтар, жұмыстар мен бос уақыттар, туылулар мен өмір сүрулерге байланысты тұрақтылық жоқ деген сөз емес. Аппадураи мұндай тұрақтылықтың негізі – адами қозғалыстардың бұзылуы, себебі көптеген адамдар мен топтар қозғалысқа және көшу туралы қиялмен өмір сүруге дайын екенін айтады. Бүгінде реалийлер мен қиялдар кең көлемде әрекет етеді. Мәселен, үнді ауылынан шыққан адамдар тек Пунаға немесе Мадрасқа ғана көшуді ойлап қоймай, Дубай және Хьюстонға да көшуді армандайды. Ал Шри-Ланкадан қашқындар Оңтүстік Үндістанға немесе Канадаға көшуді ойлайды.

Технокеңістік

«Технокеңістік» дегеніміз – Аппадураидың сөзіне сүйенсек, жаһандық конфигурация және әрі жоғары, әрі төмен, әрі механикалық, әрі ақпараттық технология жоғары қарқынмен дамып келе жатқаны туралы жайт. Көптеген елдер көпұлттық кәсіпорындардың негізін қалаушылар немесе базасы болып саналады: Ливиядағы ірі болат құятын кешендер Үндістан, Қытай, Ресей мен Жапония елдерінің мүдделерін ескеріп, жаңа технологиялық конфигурациялардың әрқилы компоненттерін әлемге паш етуде. Технологияларды сансыз бөлу, одан ары технокеңістіктердің ерекшеліктері экономика, саяси бақылау немесе еңбек нарығының рационалдылығына, сондай-ақ, қаржы ағымдары, саяси мүмкіндіктер мен жоғары білікті жұмысшы күшіне байланысты айқындалады. Дубай мен Шарджаға Үндістаннан даяшылар мен шоферлер жалданып жұмысқа барады. Сол сияқты Үндістаннан Америка Құрама Штаттарына инженер-программистер көптеп ағылып, жалдамалы жұмыстарға тұрады. Былайша айтқанда, үндістандық жұмысшылар Мемлекеттік департамент құралдары арқылы шетелдерге қоныс аударып, бай-бақуатты «шетелдік тұрғындарға» айналып, тапқан қаржыларын Үндістанның мемлекеттік және федералды жобаларына инвестициялайды. Жаһандық экономика, әрине, сол баяғыша дәстүрлі «көрсеткіштер» тұрғысынан сипатталады (Бүкіләлемдік банк жасағаны секілді), дәстүрлі салыстырмалар (Пенсильвания университетіндегі ProjectLink секілді) арқылы меңгеріледі. «Алайда күрделі технокеңістік (және аралас этнокеңістік) осындай «көрсеткіштер» мен «салыстырулардың» негізінде жатады да, – «әлеуметтік ғылымдар патшайымына» қолжетімді болмайды, – деп айқындайды Аппадураи.

Күрделі қаржылық және инвестициялық, былайша айтқанда, жаһандық желілер арқылы екі экономиканы байланыстырып тұратын ағымдарды ескерместен, Жапония мен Америка Құрама Штаттарындағы жалақы мөлшерін немесе Нью-Йорк пен Токиодағы жылжымайтын мүлік бағасын салыстыру неге әкеп тіреді?

Қаржылық кеңістік

«Қаржылық кеңістік» туралы айтудың мәні де жоқ шығар?! Себебі бүгінгі таңда дүниетанымдық капитал жұмбақталып, кез келгеннің уысына түсе қоймайтын қиын да жылжымалы алаңға айналуға келеді. Қазіргі таңда валюталық нарықтар, ұлттық қаржылық биржалар, тауарлық спекуляциялар мега-ақшаларды ұлттық турниктер арқылы қас қағым сәтте, еш салдарсыз алмастыруды жүзеге асырады. Алайда күрделі мәселе мынада – этно, техно және қаржылық кеңістіктер арасындағы жаһандық өзара байланыстар үзілген әрі алдын ала болжап-білуге келмейді. Себебі бұл кеңістіктердің әрқайсысы белгілі бір механизмге, шектеулер мен стимулдарға (саяси, ақпараттық және техно-экологиялық) бағынады. Сондай-ақ олардың әрқайсысы шектеулі жұмыс жасайды. Осылайша жаһандық полиэкономиканың қарапайым



үлгісі перспективті адами қозғалыстар арасындағы қатынастардың, технологиялық ағымдар мен қаржылық аударымдардың араласуын ескереді.

Медиакеңістік

«Медиакеңістік» дегеніміз – Аппадураидың сөзіне сүйенсек, біріншіден, өндірістер үшін электронды мүмкіндіктер мен ақпаратты бөлу (газеттер, журналдар, телевизиялық станциялар, киноөндірісі т.б.) болып табылады. Олар бүгінде жеке және қоғамдық мүдделерге қолжетімді. Екіншіден, осы медиакеңістік БАҚ арқылы әлемнің бейнесі болып саналады. Әлемнің бұл бейнелері, ең алдымен, түріне (деректі немесе ойын-сауық), аппараттық қамтылуы (электронды немесе алдын ала жоспарланған электронды), аудиториясына (жергілікті, ұлттық немесе трансұлттық) және мүдделеріне байланысты. Медиакеңістіктер үшін маңыздысы – олардың күрделі және ірі ассортимент болып саналатыны. Бұл дегеніміз – көптеген көрермендер БАҚ арқылы баспа, целлулоидты, электронды экрандар мен жарнамалық бағаналардың өзара байланысты репертуарларын қабылдайды. Шынайы және ойдан шығарылған картиналар арасындағы байланыстар соншалықты айқын емес. Себебі көрермендер орталықтар мен астанадан қаншалықты алыс жерлерде өмір сүрсе, соншалықты кейбір «қиялдан туған әлемді» химералық, эстетикалық, тіпті, фантастикалық түрде көзіне елестете алады.

Сонымен, «медиакеңістік» дегеніміз – қиялдан туған өмір сценарийлерінен құралған элементтерді тұтынушылар және басқа орындарда тұратын адамдар. Бұл сценарий «бөгде адамдар» туралы, олардың өмірлеріндегі мүмкіндіктері, яғни қиялдары туралы түсінікті қалыптастыруға септігін тигізеді.

Идеялар кеңістігі

«Идеялар кеңістігі» дегеніміз – идея-бейнелердің немесе идеологиялардың өзара байланысы. Әдетте мемлекеттердің идеологиялары мен контр-идеологиялық қозғалыстарының арасындағы саяси күрделі байланыстар деп саналады. Идеялар кеңістігі Ағартушылық дүниетанымының элементтерінен тұрады. Олар мынадай идеялардан құралады: «еркіндік», «дәулеттілік», «құқық», «суверенитет», «демократия». Бұл жерде айта кететін жайт – осы сөздер саяси нарратив ретінде әлемнің әр бұрышында қолданылады. Олар семантикалық, прагматикалық сипатта. Семантика мәселесі сөздер (олардың лексикалық эквиваленттері) контекстен контекске мұқият аударылғанда туындаса, прагматикалық аспект осы сөздерді саяси субъект ретінде қолдану деген ұғымды білдіреді. Айталық, үнділік аудитория тірек сөздер мен фразалары жүрекке жетерлік саяси баяндамаларды қабылдағыш келсе, корейлік аудитория буддистік немесе нео-конфуциялық риторикалық стратегияға ерекше көңілшек келеді. Сонда «демократия» сөзі Гаити мен Польшадан Кеңес Одағына және Қытайға дейін қолданылатын термин болып табылады (ескерте кетейік, бұл жұмыс 1990 жылы жазылғанды). Бұның өзі жаңаша терминологиялық калейдоскоп туындатады, себебі мемлекеттер (билікке ұмтылған топтар) этнокеңістіктері үнемі қозғалыста болатын халықты бейбітшілікке шақыруға тырысады. Идеялар кеңістігінің иілгіштігі барған сайын, әсіресе, интеллектуалдардың диаспорасы арқылы күрделене түседі.

Детерриториализация

Аппадураи сөз еткен келесі бір фактор – детерриториализация. Ғалымның пікірінше, бұл – қазіргі әлемнің орталық күштерінің бірі, ол жұмысшы топты төменгі топқа түсіреді. Детерриториализация жаһандық, оның ішінде исламдық және индуистік фундаментализмнің негізін құрайды.

Сонымен қатар, детерриториализация кинокомпаниялар мен туристік агенттіктер үшін жаңа нарықтар қалыптастырады. Детерриториализация тұрғындардың отанымен байланыс



орнатуы үшін қажет. Әрине, детерриториализацияланған топтардың қиялдан туған отандары, әдетте, біржақты болып келіп, жаңа идеялар кеңістігіне материал болады. Оның бір дәлелі – Англия, Канада мен Америка Құрама Штаттарының детерриториализацияланған сикх тұрғындарының қиялдан туған «Халистан» атты отанын құру.

Детерриториализация идеялары негізінен ақша мен қаржыларға қатысты қолданылған. Себебі ақшаны сақтаушылар өздерінің инвестициялары үшін барынша қолайлы нарық іздейді. Өз кезегінде, бұл ақша қозғалыстары шиеленістердің жаңа түрлеріне негіз болады. Мәселен, лос-анджелестіктер жапондықтардың өз қалаларын жаппай сатып алып жатқанына, ал Бомбей тұрғындары Парсы шығанағы елдерінің бай арабтарына наразы (Бомбейдегі мангоның бағасы ғана емес, жергілікті тұрғындар үшін қонақүйлер, ресторандар мен басқа да қызмет түрлері өзгеріп кеткен. Дәл осындай өзгерістерді арабтар Лондонда да жүзеге асыруда). Соған қарамастан Бомбейдің көптеген тұрғындары арабтардың өз елінде жүруіне, тұрақтап қалуына әртүрлі пікір айтады: біреулері оларды дос санап, Таяу Шығыста олардың арқасында көп ақша жасап жатқанын айтады.

Детерриториализациялаудың мұндай өнімділігі, былайша айтқанда, ақша, тауарлар мен адамдар әлем бойынша бірінің артынан екіншісі қууын, ал медиакеңістік пен идеялар кеңістігі оларды бір-бірінен алшақтатуын көрсетеді. БАҚ қалыптастарған идеялар мен бейнелер – детерриториализацияланған популяциялар бір-біріне алмастырып отырған тауарлар мен тәжірибелерді басқарып отырады. Мысал ретінде Аппадураи Майра Наирдың «Индияның кабаресі» фильмін алады. Фильмде Кералада кабаре-клубтар мен порнографиялық киноиндустрияның таралуы, Таяу Шығыстық диаспора әйелдерден алыс тұратыны, еркектер мен әйелдер арасындағы қарым-қатынастардың мәні туралы суреттелген.

Мәдениеттің жаһандық экономикалық алшақтығы туралы сөз ете келе, Аппадураи ұлттық мемлекеттің рөлі туралы айту керек деп есептейді. Көптеген қоғамдарда ұлттар мен мемлекеттер бір-бірінің жобалары болып табылатынын айта кету керек. Ұлттар мемлекеттер мен мемлекеттік билікті толықтыруға талпынған кезде, мемлекеттердің өзі мемлекеттілік туралы идеяларды монополизациялауға талпынады. Жалпы алғанда, сепаратистік, трансұлттық қозғалыстар ұлттардың мемлекетті іздеу тәсілдерін көрсетіп бағуда. Басқа жағынан алғанда, мемлекеттер қауымдастардың рухани ресурстарын монополизациялауға тырысады.

Әртүрлі кеңістіктер немесе сфералар арасындағы алшақтықтармен байланысты жаһандық мәдени саясаттың тағы бір ерекшелігі, Аппадураидың сөзімен айтсақ, мемлекет пен ұлттарды байланыстырып тұрған дефис (бейнелі тілде). Ұлттар мен мемлекеттер арасындағы алшақ қатынастардың екі деңгейі болады: белгілі бір нақты ұлттық мемлекет деңгейінде, яғни мемлекет пен ұлт бірін-бірі жұтып жіберуге талпыну деңгейінде. Бұл жерде, қайдан шыққаны белгісіз және микро-сәйкес сепаратистердің қатыгездігі көрінеді. Олар ұлттық мемлекеттің саяси жобасы іспеттес.

Келесі бір деңгей – осы эссе бойында талқыланып отырған жаһандық алшақтықтар арасындағы алшақ қатынастар: мемлекеттілік идеялары аумағы бойынша кеңейіп отырады. Аппадураи мысал ретінде әртүрлі ұлттық мемлекеттердің территорияларында өмір сүретін курдтарды немесе Шри-Ланкада өмір сүретін тамилдіктерді алады. Трансұлттық диаспоралардың баяғыдан ұйқыда жатқан ағымдары ұлттық мемлекеттің саясатына ықпал етіп отырады.

Мемлекеттер БАҚ, технологиялар мен саяхаттардың арқасында бір-біріне «ашық» болып табылады. Бұл бүкіл әлемдегі тұтынушылықты дамытып, батыстық емес әлемдегі жаңа тауарлар мен идеяларға талпынысты күшейтуде. Екінші жағынан, бұндай талпыныстар жаңаша этнокеңістіктерге, медиакеңістіктерге, идеялар кеңістігіне, мәселен, Қытайдағы «демократияға» негіз бола алады. Қытайда мемлекет мемлекеттілік пен халықтардың идеялары арасындағы өзіндік бақылауға қауіп ретінде қаралады. Бүкіл әлемде мемлекеттер демократиялық идеялар кеңістігі бойынша жарысқа түсіп, идеялар кеңістігі мен технокеңістіктер арасындағы радикалды айырмашылықтар байқалғанда қоршауда қалады; немесе идеялар кеңістігі мен қаржы кеңістігі арасында (мәселен, Бразилия немесе Мексика елдерінде халықаралық кредиттеу белгілі бір деңгейде ұлттық саясатқа әсер етеді); немесе идеялар кеңістігі мен этнокеңістіктер арасында (мәселен, Бейрутте диаспоралық, жергілікті және трансжергілікті элементтер бір-біріне қайшы келгенде); немесе идеялар кеңістігі мен медиакеңістіктер (Таяу Шығыс елдері



мен Азия елдеріндегідей) арасында қоршауға түседі (шағын елдерде, мәселен, өндірістік және ақпараттық заманауи технологиялар жетіспейді).

Жаһандық үдерістер туралы сөз еткенде, Арджун Аппадурани санамалап өткен кеңістіктерді ескермесе болмайды. Себебі бұл кеңістіктер мемлекеттердің қызмет ету деңгейлерін қамтып, ықпал етіп отырады. Оның үстіне, бұл жерде ұлттық мемлекет жобалары мен бағдарламаларын құрастырудың мәні де зор.

Тақырыпты бекітуге арналған сұрақтар:

1. Арджун Аппадурани жаһандық мәдениетті сипаттауда «ажырау» деген ұғымды қалай түсіндіреді?
2. Арджун Аппадуранидің пікірінше, Бүкіләлемдік банктің дәстүрлі «көрсеткіштеріндегі» өлшемдер мен Пенсильвания университетінің ProjectLink дәстүрлі салыстырмасының кемшілігі неде?
3. Детерриториализациялау үдерісінің ұлт пен мемлекеттің дәстүрлі түсінігіне ықпалы қандай?

Әдебиеттер:

4. Appadurai A. Global Ethnoscapes: Notes and Queries for a Transnational Anthropology. – Interventions: Anthropology of the Present, 1989.
5. Appadurai A. and Breckenridge, C.A. A Transnational Culture in the Making: The Asian Indian Diaspora in the United States. – London: Berg.
6. Anderson B. Imagined Communities: Reflections on the Origin and Spread of Nationalism. – London: Verso, 1983.
7. Amin S. Class and Nation: Historically and in the Current Crisis. – New York and London: Monthly Review, 1980.